

Мұғалімдердің жетістіктері 2024-2025 о.ж.

**Балауса халықтық би ансамблі
«NURLY FEST 2024»
Халықаралық байқауынан бас жүлде**



«Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған ұстаздарымыз



1. Қазақ тілі әдебиет пән мұғалімі - Байбосынова Н
2. Бастауыш сынып мұғалімі - Шушбаева Н
3. Тарих пәні мұғалімі - Тоқмырза Б
4. Орыс тілі әдебиеті пән мұғалімі - Караманова Р



«Үздік жастар премиясы-2024» байқауының жеңімпазы информатика пән мұғалімі Оразхан Б




Түркістанда облыстық қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Жыл көшбасшылары» жобасы аясында облыстағы әр саланың кіл мықтылары анықталып, «Үздік жастар премиясы – 2024» байқауының марапаттау кеші өтті.

Аталған байқау өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру және мемлекеттік жастар саясатының дамуына, елдің саяси және қоғамдық өміріне белсене араласып, ерекше үлес қосқан жас азаматтарды, түрлі салада өзінің білімімен, талантымен, белсенділігімен топ жарған жастарды анықтау және марапаттау мақсатынды ұйымдастырылды.

Іс-шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев құттықтау сөз сөйлеп, жастардың жетістіктері мен олардың қоғамдағы рөлі туралы сөз қозғады. Сондай-ақ жастардың еңбекқорлығы мен ынтасын жоғары бағалап, әр салада үздік көрсеткіштерге қол жеткізген жастарға табыс тіледі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тележүргізуші, журналист Ләйла Сұлтанқызы «Жыл жаңалығы» номинациясымен Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі Оразхан Бексұлтанды марапаттап, құттықтады.






ҚАЗЫҒҰРТТЫҚ ОҚУШЫЛАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ FIRST РОБОТОТЕХНИКА ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

🌟 2024 жылдың 09-11 тамыз күндері Алматы қаласында өткен республикалық «Almaty Tech Cup X» робототехника және инновациялық технологиялар бойынша X дүбірлі ашық чемпионатында Қазығұрт ауданы Qazygurt және Rob командалары робот тапсырмалары мен инновациялық жобалар бойынша сынға түсті!

📖 Чемпионатқа Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты білім мекемелерінен 4 мұғалім, 12 оқушы қатысып, командалық есепте I орын иеленді.

💎 Qazygurt Команда мүшелері

1. Камал Асылжан (Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-лицейі)
2. Сайлау Нұрасыл (Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия)
3. Нұралы Даянхан (Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия)



🇰🇬 Almaty Tech Cup X FIRST жарысында біздің жеткен жетістіктер:

1. Champions award finalist (Qazygurt)
2. Innovation Awards finalist (Rob)
3. Robot performance award finalist (Qazygurt)

🌟 Чемпионаттың негізгі мақсаты – білім беру ұйымдары мен қосымша білім беру ұйымдарының оқушыларын біріктіру, сондай-ақ жастардың робототехникасы мен инженерлік дағдыларын дамытуға ықпал ету болып табылады.

Чемпионат келесі бағыттар бойынша өткізілді.

- FIRST LEGO League Explore (6-10 жас)
- FIRST LEGO League Explore (10-16 жас)
- WSO (12-18 жас)
- Drone Racing: Multi GP (жас шектеу жоқ)
- Minecraft Education (6-16 жас)
- Хакатон (12-18 жас)

🔹 Бүгінгі күнге дейін де робо жарыстарында аттары аталып жүрген оқушылар бабында. Алдағы уақытта да талай додаларда жарқырап, алдыңғы орындардан көрінетініне сенеміз.

🟢 Чемпион атанған оқушылар Қырғызстан елінде өтетін чемпионатына жолдама алды. Сәттілік серік болсын дегіміз келеді. Жетістіктер көп болсын !

"Ы.АЛТЫНСАРИН" ТӨСБЕЛГІСІ – БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ МАРАПАТТЫҢ ЕҢ ТӨРЕСІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру және ғылым саласындағы белсенді оқытушыларын және педагогика қызметкерлерін ынталандандыру мақсатында және моральдық өсу үшін тағайындалған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №1159 министрліктің қаулысы бойынша бекітілген марапаты.

Ұстаздық қызметтің биік шыңына шыққан ізденімпаз, шығармашыл, білімді де, білікті ұстазымыз Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия "КММ-нің тарих және құқықтану пәнінің мұғалімі Тасболат Құралай Тәуекелқызы "Ыбырай Алтынсарин" төсбелгісімен марапатталды. Құралай Тәуекелқызының білім саласына қосқан ерен еңбегі мен ұстаздық кәсіпке адалдығы үшін шексіз алғыс айтамыз! Сіз мектебіміздің мақтанышы, үлгі тұтар ұстазсыз. Білім көкжиегіне қосар үлесіңіз мол болсын, шығармашылық ізденістеріңіз арта берсін!



«Балауса» би ансамблі



22 авг. 2024 г. • 👤

“БАЛАУСА” ХАЛЫҚТЫҚ БИ АНСАМБЛІ ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН
V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИ ФЕСТИВАЛІНЕН БАС ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында мектебіміздің мақтанышы, талай биік шыңды бағындырып жүрген “Балауса” халықтық би ансамблі Ташкент қаласында өткен “ДАРЫНДЫ ЖҮЛДЫЗДАР”

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ фестиваліне қатысып “халықаралық байқаудың “Хореография” жанры бойынша ең мықты өнер көрсетіп ГРАН -ПРИ және БАС ЖҮЛДЕНІ жеңіп алды. Бұл додалы сайыста Қырғызстан Өзбекстан, Түрік елдеріде бақ сынасты. Сайыстың қорытындысы бойынша өнерпаздарымызға арнайы кубоктар, дипломдар мен ақшалай сертификаттар табысталды.

Бұл жеңіс біздің мектебіміз үшін үлкен мақтаныш. Талантты бишілеріміздің тәлімгері музыка пәні мұғалімі, ұлағатты ұстаз, УРАЗОВА ГУЛЬНАРА АРИПОВНАҒА алғысымыз шексіз. Деніне саулық, отбасына амандық тілейміз. 🌸🌸



Жетекшісі: Оразова Г

«Istanbul autumn festival» конкурста Жүлделі I-орын



🌸 "БАЛАУСА" ХАЛЫҚТЫҚ БИ АНСАМБЛІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТА ЖЕҢІМПАЗ
АТАНДЫ

🌸 Түркістан облысы Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі және хореографы Оразова Гулнар Әріпқызы жетекшілік еткен "Балауса" халықтық би ансамблі Туркия еліндегі Стамбул қаласында жасөспірімдер арасында өткен "Istanbul autumn festival" атты конкурста жүлделі 1-орынды иеленді.

🌸 Байқауға Қазақстан, Ресей, Түркия, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Қырғызстан мемлекеттерінен би, вокал және түрлі аспаптарда ойнау бойынша өнерпаздар бақ сынады.

Оның ішінде Қазақстаннан Ақтау, Атырау, Маңғыстау, Алматы, Қарағанды, Түркістан облысы өңірлерінен келген өнерпаздарда өз бақтарын сынады.

🌸 Байқауға Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының атынан қатысқан "Балауса» би тобы жүлделі 1-орынды иеленді.





Түркістан облысы Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Нұрмаханбетжан Нұрболат Өзбекстан Республикасы Наманган қаласында өткен "Namangan Winter Cup-2024" Халықаралық турнирінде ІІ-орын иеленді. Жас спортшымызға алдағы уақытта тек жеңіс тілейміз





🌸 Түркістан облысы Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының ұстаздары

📖 22-23сәуір күні Түркістан қаласы «№33 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «робототехникадан педагогтер арасында «ROBOTUR» V облыстық педагогтер байқауына 18 команда қатысты.

🌸 "Qazyugurt" құрама команда мүшелері, мектебіміздің ізденімпаз ұстаздары. Шералы Әлібек Назаралыұлы және Сайымкулова Жадыра Мырзагелдіқызы FIRST LEGO LEAGUE CHALLENGE санаты бойынша байқаудың жалпы есептік кезеңінің жеңімпаздары атанып жүлделі I- орынды иеленіп, маусым кубогына ие болды.

📖 Байқаудың мақсаты:

Облыстың робототехника информатика педагогтерінің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру;

📎 озық тәжірибелерін жинақтау және тарату, өзіне деген сенімділікті, сыни ойлауды дамыту;

📎 тәжірибеге бағытталған оқыту арқылы жобалау дағдыларын және топтық жұмыс дағдыларын дамыту.

Ұстаздарымызға марапаттарыңыз құтты болсын дейміз. 🌸🌸🌸





"МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІН АШАМЫЗ"

Түркістан облысында 12 наурыз күні болып өткен "Мамандықтар әлемін ашамыз" республикалық форумының облыстық кезеңінде "Мен мамандықты таңдаймын" номинациясымен 9 "А" сынып оқушысы Алтынбек Бексұлтан I дәрежелі дипломмен марапатталып республикаға жолдама алды. Жетекшісі: Кәсіби бағдар беру педагогы Шералы Әлібек Назаралыұлы

